

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 550 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2001 жылғы 27 қыркүйектегі N 761 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2001 жылғы 9 қараша тіркелді. Тіркеу N 1668 Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 536 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР-ның Білім және ғылым министрінің 2011.12.21 N 536 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 P000685_ қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 ақпандағы N 188 P010188_ қаулысына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Үздік ғылыми зерттеулерге сыйлықтар және жас ғалымдарға үздік ғылыми жұмыстары үшін сыйлықтар берудің тәртібі жөніндегі Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрлігінің 2000 жылғы 27 мамырдағы N 550 V001168_ бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулер үшін сыйлықтар берудің тәртібі туралы Ережеге (N 1-қосымша):

2-тармақ мынадай мазмұнда 3) және 4) тармақшаларымен толықтырылсын:

"3) Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін А.И. Бараев атындағы (бірінші, екінші және үшінші) сыйлықтар айтарлықтай теориялық және практикалық маңызы бар ашқан жаңалықтары, жаңа өнер табыстар шығарған және қабылданған ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары мен будандары, тұқымдары, мал мен балық типтері, құс кростары, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау және қайта өндіру салаларындағы технологиялық және техникалық әзірлемелері, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы экономикалық әзірлемелері үшін";

"4) Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ғ.Алтынсарин атындағы (бірінші, екінші және үшінші) сыйлықтар айтарлықтай теориялық және практикалық маңызы бар, білім беру ұйымдары практикасында және технология, педагогика ғылымына қосқан ерекше жетістіктері, өзектілігі

мен жаңашылдығының ерекшеліктері, білім беру жүйесіндегі ұлттық идеяның көріністері, жеке адам шығармашылығын дамытуды қалыптастыру мен тәрбиелеудің мүмкіндіктері үшін";

5-тармақта "бірінші және екінші" деген сөздер "бірінші, екінші және үшінші" деген сөздермен ауыстырылсын, "200 және 150" деген сандар "200, 150 және 100" деген сандармен ауыстырылсын;

10-тармақтағы "немесе" деген жалғау үтірмен "," ауыстырылсын, "гуманитарлық ғылымдар бойынша зерттеулер" деген сөздерден кейін "Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін А.И.Бараев атындағы сыйлықтар алуға", "Педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтар алуға" деген сөздермен толықтырылсын;

12-тармақта "Ғылым департаменті" деген сөзден кейін мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"және Жалпы орта және бастауыш кәсіптік білім департаменті (бұдан әрі - Департаменттер) конкурс туралы хабарландыруға сәйкес. Конкурстық құжаттар Департаменттерде тіркеледі және қабылдау мерзімі аяқталған соң қарау үшін Конкурстық комиссияға беріледі";

16-тармақтың 2-абзацы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Белгіленген талаптарға сәйкес материалдарды Конкурстық комиссия секцияларда (ғылым салалары бойынша) жұмыстардың ғылыми және практикалық маңыздылығын бағалау үшін жібереді, сондай-ақ:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясына (бұдан әрі - Ұлттық Ғылым Академиясы) - жаратылыстану ғылымдары бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін Қ.И.Сәтпаев атындағы және гуманитарлық ғылымдар бойынша үздік ғылыми зерттеулері үшін Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтар бойынша;

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеу орталығына (бұдан әрі - Академиялық орталық) - Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін А.И.Бараев атындағы сыйлық бойынша;

Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясы (бұдан әрі - Қазақ Білім академиясы) - педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық бойынша";

16-тармақтың 3-абзацы мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Ұлттық Ғылым Академиясының, Академиялық орталықтың, Қазақ Білім академиясының секцияларының ұсыныстық шешімдері Конкурстық комиссияға беріледі";

18-тармақта "секциялар ұсыныстары" деген сөздерден кейінгі "және" деген

сөз үтірмен ", " ауыстырылсын, "Ұлттық Ғылым академиясының" деген сөздерден кейін "Академиялық орталықтың, Қазақ Білім академиясының" деген сөздермен толықтырылсын";

19-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Егер, жасырын дауыс берудің қорытындысы бойынша аграрлық ғылымдар бойынша үш жұмыстан артық және педагогика бойынша үш жұмыстан артық жұмысқа сыйлықтар беруге шешім қабылданса, онда сыйлықтар осы салалардағы ең көп дауыс санын жинаған (бірінші, екінші және үшінші сыйлықтар) үш жұмысқа беріледі";

22-тармақ мынадай редакцияда мазмұндалсын:

"Конкурстық комиссия Департаментке мынадай материалдарды ұсынады: Конкурстық комиссияның хаттамасын, Конкурстық комиссияның мүшелері қол қойған және дауыс берген бюллетеньдер салынған мөр қойылған конвертін, сыйлықтар беруге кепілденетін жұмыстар бойынша салалық секциялар мен Академиялық орталықтың қорытындылары, сондай-ақ осы Ереженің 9-тармағына сәйкес құжаттар";

24-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін А.И.Бараев атындағы сыйлықты беру туралы "Қазақстанның ауыл шаруашылық ғылымының хабаршысы" және "Жаршы" журналдарында хабарланады, онда сыйлыққа лайықты жұмыстар туралы қысқаша түсініктемелер жарияланады";

27-тармақта "жаратылыстану ғылымдары бойынша" деген сөздерден кейінгі " және" деген жалғау үтірмен ", " ауыстырылсын, "гуманитарлық ғылымдар бойынша" деген сөздерден кейін "Аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін А.И.Бараев атындағы, педагогика саласындағы

үздік ғылыми зерттеулер мен жұмыстары үшін Ы.Алтынсарин атындағы" деген сөздермен толықтырылсын, " _____ " жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлық берілген" деген сөзден кейін " _____ жылы А.И.Бараев атындағы сыйлық берілген", " _____ жылы Ы.Алтынсарин атындағы сыйлық берілген" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Ғылым департаменті (В.В.Могильный) нормативтік-құқықтық кесімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-Министр Е.Е. Ерғожинге жүктелсін.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК